9	What criteria can be used to evaluate the contribution of scientists and travelers to the development of geographical science?	Pupils learn to evaluate achievements in terms of subject and practical significance, scientific novelty, and scale of impact.
10	Evaluate the contribution of a famous scientist or traveler using the system of “relevant-not relevant”, “argument-not argument”, “global-local”, “positive-negative”, “effective-ineffective”, and “many-few”. One can use the relative level of the quoted price “not always true”, “average level”, etc. Other evaluation methods can be used at one’s discretion (Karatabanova and Baymetova, 2019).	Develops flexible thinking – understanding that scientists’ contributions are ambiguous and require complex analysis.

Seventh-grade tasks are designed to develop reasoning, critical thinking, and the ability to analyze geographical phenomena in the context of society, government, and humanity. Below in Figure 3 is an interpretation of Table 5 in the model.

The proposed tasks contribute to the formation of pupils’ geographical culture by developing analytical, critical, and systematic thinking. Pupils

learn not only to memorize facts but also to understand the meaning of geographical research, its importance for society and the state, and its possible consequences.

Firstly, geographical thinking is developed – pupils understand that geography is linked to history, economics, politics, and science and that the discoveries of scientists and travelers have changed the course of world history.




Figure 3 – Findings on the impact of tasks on pupils

Secondly, the tasks encourage critical thinking. They encourage pupils to analyze whether news has always been useful, what negative effects it can have, and why some of it remains relevant centuries later.

Third, pupils begin to appreciate the humanistic role of geography. They realize that knowledge of space, resources, and natural conditions can be used for the benefit or detriment of humanity. This shapes their sense of responsibility for science and their understanding of the importance of ethical use of geographical data.

Fourthly, such tasks develop skills of argumentation and evaluation of information. Pupils learn

to formulate hypotheses, provide evidence, analyze data, and draw independent conclusions.

Thus, the proposed tasks help to develop the ability to think, prove, analyze, and predict the future, which contributes not only to the study of geography but also to the overall intellectual development of pupils.

In order to assess the influence of Arabic geography studies on the formation of the geographical culture of pupils, a SWOT analysis was carried out. It allows identifying the strengths and weaknesses, as well as the opportunities and threats of introducing this subject in the educational process (Table 5).

Table 5 – Research Results: SWOT analysis of the influence of Arabic geographical studies on the formation of the geographical culture of pupils

STRENGTHS	WEAKNESSES
Rich scientific heritage of Arab geographers, including important discoveries in cartography, astronomy, and navigation.	Insufficient representation of Arab geographical exploration in textbooks.
Opportunities to broaden pupils' horizons and develop intercultural awareness.	The limited number of lessons are devoted to the study of the history of geographical discoveries.
Development of pupils' critical thinking skills through analysis of different historical sources.	Lack of methodological guidelines and ready-made teaching materials on the subject.
To complement the teaching material with alternative views on the development of geographical science.	Possible difficulties in adapting complex scientific concepts to pupils' level of understanding.
OPPORTUNITIES	THREATS
Development of new teaching materials that include the achievements of Arab scientists.	Resistance to change in the educational program due to established traditions.
Integrating the topic into the school geography course through project and research activities.	Inadequate preparation of teachers to teach the subject in an interdisciplinary approach.
Use of digital educational technologies to present information (interactive maps, virtual tours, etc.).	Possible lack of scientific and teaching resources for in-depth study of the subject.
Collaboration with historians and orientalists to create educational tools.	Difficulties in perceiving the historical context of the Arab geographical discoveries among pupils without prior training.

The SWOT analysis shows that, despite the existing difficulties, the introduction of the topic of Arab geographical discoveries in school education has significant pedagogical potential. The development of methodological materials and the use of modern educational technologies will help to overcome the existing barriers and contribute to a more complete and objective study of the history of geographical science.

Conclusion

The study analyzed the role of Arab geographical studies in shaping pupils' geographical culture. A comparative analysis of school geography textbooks showed that the contributions of Arab scholars were minimal or absent in some programs. This creates a biased view of the development of geographical science and limits pu-

pils' knowledge of the contributions of different civilizations.

The review examined the major discoveries of Arab geographers and their impact on cartography, navigation, and the study of natural areas. The curriculum analysis showed that references to these achievements are not found in all textbooks and, in some cases, are completely excluded. Ways of remedying this are suggested, including the inclusion of additional tasks aimed at developing pupils' geographical thinking.

The practical significance of the study lies in the development of methodological recommendations for teaching the history of geographical discoveries, taking into account the achievements of Arab scientists. The inclusion of these materials in the

educational process allows pupils to gain a deeper understanding of the diversity of geographical science and its evolution.

The SWOT analysis identified the main strengths and weaknesses of integrating this subject into school education, as well as potential opportunities and threats. It showed that, despite the existing methodological and organizational difficulties, the integration of Arab geography into school courses has a high educational potential. The development of additional teaching materials and the introduction of new pedagogical approaches will help to broaden the content of the geography course, improve the geographical culture of pupils and give them a more holistic view of the development of science.

References

- Dermendzhieva, S., & Draganova, T. (2022). Geography and Geographical (Global) Thinking. The Overarching Issues Of The European Space. Sustainable development and territorial preservation in a globalized world. Faculdade de Letras da Universidade do Porto. <http://doi.org/10.21747/978-989-9082-57-1/overa7>
- Ducène, J.-C. (2008). L'Europe dans la cartographie arabe médiévale. *BELGEO*, (3-4), 251-267. <https://difusion.ulb.ac.be/vu-fund/Record/ULB-DIPOT:oai:dipot.ulb.ac.be:2013/169998/Details>
- Egorina A., Nurkenova S., Shimina E. textbook for the 7th grade of secondary school. Almaty: Atamura Publ., 2017, p. 224
- Fawas Habisy. (2023, October 12). The Oil Monopoly in the Arab World. *International Journal of Science and Society*. Goacademica Research and Publishing. <http://doi.org/10.54783/ijssoc.v5i4.847>
- Figueiredo, L. C. (2013, February 6). Perspectivas de análise geográfica do patrimônio cultural: algumas reflexões. *Geografia Ensino & Pesquisa*. Universidad Federal de Santa Maria. <http://doi.org/10.5902/223649948739>
- Jawad Kadhim YASSIN, D., & Mejbel Azeez AL-HASNAWI, S. (2023, November 1). Modern Geographical Trends According To Al-Balkhi. *RIMAK International Journal of Humanities and Social Sciences*. Rimar Academy Egitim Arastirma ve Danismanlik Limited Sirketi. <http://doi.org/10.47832/2717-8293.26.21>
- Karatabanov R. A., Baymetova Zh. R. Geography. For pupils of 7 classes of secondary schools. Part 1. – Almaty: Almaty-book publishing house, 2019. – p. 264
- Kemerbay, R. A., & Tutinova, N.E. (2022). Al-Farabi and the list of Sciences. *Bulletin of Karaganda University history*. Philosophy series, 107 (3), 335-341.
- Lauren, H., Mary, B., Simon, C., & McKendrick, J. H. (2022, October 21). The child and their (geographical) education. *Children, Education and Geography*. Routledge. <http://doi.org/10.4324/9781003248538-2>
- Mazhiev G. Zh. (2020). The Influence of Al-Farabi on the Poetry of Arabic Wisdom. *Journal of Oriental Studies*. al-Farabi Kazakh National University. <http://doi.org/10.26577/jos.2020.v93.i2.06>
- Mishra, M. Geography In The Arab Lands. *Geographical Thought*, 40.
- Mousa, M. S., & Yahya, H. (2022, December 1). Characteristics and Scholars of Arab-Islamic Geographical Thought in the Third Hijri Ninth Century AD. *College Of Basic Education Research Journal*. University of Mosul. <http://doi.org/10.33899/berj.2023.177196>
- Nuthpaturahman, N., & Ahmad, A. (2022, June 30). Pokok Pikiran Filsafat Al-Farabi. *Jurnal Ilmiah Ilmu Pendidikan dan Keadakwaan*. Sekolah Tinggi Agama Islam (STAI) Al-Washliyah Barabai. <http://doi.org/10.58900/jiipk.v15i29.10>
- Rahman, M. (1997, January 1). A History of Arab-Islamic Geography (9th-16th Century AD). *American Journal of Islam and Society*. International Institute of Islamic Thought. <http://doi.org/10.35632/ajis.v14i4.2223>
- Sabah Nueas Shanafah. (2023, June 6). Geopolitical Advantages of Arab Countries and their Impact on the Stability of the Arab Region 2001. *Tikrit Journal For Political Science*. Tikrit University. <http://doi.org/10.25130/tjfps.v2i10.127>
- Sparavigna, A. C. (2014). Al-Biruni and the Mathematical Geography. *Zenodo*. <http://doi.org/10.5281/ZENODO.3362206>
- Tolybekova Sh. T., Golovina G. E., Kozina S.S. Geography. Textbook for grade 7 general education. Almaty School: Mektep, 2017. 248 p.
- Zhuzbayeva, U., Margulan, A., & Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (2023, June 30). Institute for the Study of the Ulus of Jochi. *Historiographical Analysis of the Work «Taqwim Al-Buldan» by Abu Al-Fida in the System of Philosophical Views Orientalists*. Adam alemi. Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK. <http://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5849.06>

Information about authors:

Amangeldi Ozerke (corresponding author) – doctoral student of the educational programme «8D01503 – Geography» (training of geography teachers), Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ozerke1990@gmail.com)

Turker Kurt – PhD, Associate Professor, Faculty of Education, Gazi University (Ankara, Turkey, e-mail: turker@gazi.edu.tr)

Tokayeva Lyayli Abdulazizovna – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of Eurasian Technological University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulshatt07@mail.ru)

Nurbaeva Arai – Master of Natural Sciences, geography teacher of Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology in Kyzylorda (Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: nurbaevaaray47@gmail.com)

Авторлар туралы мәлімет:

Амангелди Озерке (корреспондент автор) – «8D01503 – География» (география мұғалімдерін дайындау) білім беру бағдарламасының докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: ozerke1990@gmail.com)

Туркер Курт – PhD, Білім Беру Факультетінің қауымдастырылған профессоры, Гази университеті (Анкара қ., Түркия, эл.пошта: turker@gazi.edu.tr)

Токаева Ляйли Абдулазизовна – э.э.к., Еуразия технология университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: gulshatt07@mail.ru)

Нұрбаева Арай – жаратылыстану ғылымдарының магистрі, Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің география пәні мұғалімі (Қызылорда қ., Қазақстан, эл.пошта: nurbaevaaray47@gmail.com)

Сведения об авторах:

Амангелди Озерке (корреспондент автор) – докторант образовательной программы «8D01503 – География» (подготовка учителей географии), Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, эл.почта: ozerke1990@gmail.com)

Туркер Курт – PhD, ассоциированный профессор факультета образования, Университет Гази (г. Анкара, Турция, эл.почта: turker@gazi.edu.tr)

Токаева Ляйли Абдулазизовна – к. э. н., ассоциированный профессор Евразийского технологического университета (г. Алматы, Казахстан, эл.почта: gulshatt07@mail.ru)

Нурбаева Арай – магистр естественных наук, учитель географии Назарбаев Интеллектуальной школы химико-биологического направления г. Кызылорда (г. Кызылорда, Казахстан, эл.почта: nurbaevaaray47@gmail.com)

Received February 5, 2025

Accepted 11 May, 2025

FTAMP 11.25.40; 06.52.41

<https://doi.org/10.26577/JOS202511325>**Ғ.М. Дүйсен*** , **Д.А. Айтжанова** 

ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: galyimzhan@inbox.ru

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУГЕ АЙМАҚ ІШІНДЕГІ ИМПУЛЬСТІ ІЛГЕРІЛЕТУ

Авторлар әлемдегі күрделі геосаяси жағдайды ескере отырып, Орталық Азия аймағы кеңістігіндегі аймақ ішіндегі ынтымақтастық пен өзара әрекеттестікті дамытудың проблемаларымен мүмкіндіктерін қарастырған. Қысқа және орта мерзімді перспективалар бойынша қарастырылған аймақ дамуының ішкі және сыртқы факторларына баға берілді. Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық кооперациясының дамуына SWOT-талдау әзірленді. SWOT-матрицасы бағалаудың негізгі векторларын ескереді: күшті жақтары, әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері, осыған сәйкес, Орталық Азия (ОА) елдері ынтымақтастығының бірлескен кешенді бағдарламаларын дамыту жөніндегі институттарын құру қажеттілігі анықталды. Бұл елдік, аймақтық, аймақаралық және жаһандық өлшемдермен келісілген және үйлестірілген жалпыаймақтық саяси стратегия мен тактиканы жүргізу үшін маңызды. Жалпыаймақтық проблемаларды шешу кезінде, ең алдымен, Орталық Азиядағы барлық субъектілердің мол дипломатиялық құралдардың кең спектрін қолдана отырып, жалпыаймақтық мәселелерді шешуге деген сенімнің негіздерін қалыптастыру қажеттілігі айрықша атап өтілген. Онан басқа, заманауи жаһандық тәуекелдер мен сын-тегеуріндер жағдайында, басым ішкі мәселелер мен проблемаларды шешу үшін, аймақ өз ресурстарын және әлеуетін шоғырландыруы заңды және қажетті болып табылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, Орталық Азия, аймақ, ынтымақтастық, кооперация, бірлесу, қауіпсіздік.

G.M. Duisen*, D.A. Aitzhanova

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: galyimzhan@inbox.ru

Promoting intraregional momentum to expand cooperation between Central Asian countries

The authors examined the problems and possibilities of developing intra-regional cooperation and interaction in the space of the Central Asian region, taking into account the complex geopolitical situation in the world. An evaluation of internal and external factors in the development of the region under consideration on brief and medium-term prospects. The SWOT analysis of the development of regional cooperation of the Central Asian states has been developed. The SWOT matrix takes into account the main vectors of the assessment: strengths, weaknesses, opportunities and threats. According to which it was identified by the creation of institutions for the development of joint integrated cooperation programs of the Central Asian countries (CD). This is important for conducting a coordinated and coordinated general -corneal political strategy and tactics in the country, regional, interregional and global dimensions. The need for the formation of the basics of trust in solving general regional problems, primarily regarding the collective security of all subjects of the Central Asian field using a wide range of diplomatic instruments, is especially noted. In addition, in the context of modern global risks and challenges, the region is legitimate and it is necessary to concentrate its own resources and potential on solving priority internal issues and problems.

Key words: Kazakhstan, Central Asia, region, cooperation, integration, safety.

Ғ.М. Дүйсен*, Д.А. Айтжанова,

Институт востоковедения им. Р.Б. Сүлейменова, Алматы, Казахстан

*e-mail: galyimzhan@inbox.ru

Продвижение внутрирегионального импульса к расширению сотрудничества между странами Центральной Азии

Авторами рассмотрены проблемы и возможности развития внутрирегионального сотрудничества и взаимодействия на пространстве центрально-азиатского региона с учетом сложной геополитической ситуации в мире. Проведена оценка внутренних и внешних факторов развития

рассматриваемого региона на кратко- и среднесрочную перспективы. Разработан SWOT-анализ развития региональной кооперации центрально-азиатских государств. SWOT-матрица учитывает основные векторы оценки: сильные стороны, слабые стороны, возможности и угрозы, согласно которому выявлена необходимость создания институтов по развитию совместных комплексных программ сотрудничества стран Центральной Азии (ЦА). Это важно для проведения согласованной и скоординированной общерегиональной политической стратегии и тактики в страновом, региональном, межрегиональном и глобальном измерениях. Особо отмечена необходимость формирования основ доверительности при решении общерегиональных проблем, прежде всего, относительно коллективной безопасности всех субъектов центрально-азиатского поля с применением широкого спектра дипломатических инструментов. Кроме того, в условиях современных глобальных рисков и вызовов региону правомерно и необходимо сосредоточить собственные ресурсы и потенциал на решение приоритетных внутренних вопросов и проблем.

Ключевые слова: Казахстан, Центральная Азия, регион, сотрудничество, кооперация, интеграция, безопасность.

Кіріспе

Орталық Азия (ОА) аймағындағы заманауи геосаяси шиеленісу мен белгісіздік жағдайында, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және т.б. еларалық байланыстарды кеңейту мен нығайтуға, аймақ ішіндегі экономикалық интеграция мен кооперацияны ілгерілету, сондай-ақ, елдердің ұжымдық қауіпсіздік проблемаларын шешудің маңызы бар жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар көрінді. Орталық Азияның стратегиялық тиімді жайғасымы бар (аймақ Қытай, Оңтүстік Азия, Таяу Шығыс және Оңтүстік Кавказ және басқа да елдердің түйіскен жерінде орналасқан).

Зерттеу әдістемесі

Орталық Азия қоғамдастығы (ОАҚ) елдері тарихи тұрғыдан біртұтас кеңістік ретінде

қарастырылатындығына сүйене отырып, аймақтық кооперацияны кеңейтудің жалпы және бірлескен трендтерін анықтауға, содан кейін, әлемдік экономикаға интеграциялауға әрекет жасалды. Біз әзірлеген интеграцияланған ақпараттық ресурстар картасының негізінде, зерттеудің негізгі бағыттары бойынша жіктелген жүйелі дереккөздер базасы құрылды. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін статистикалық әдістер, салыстыру және салғастыру әдістері, ақпараттық ресурстарды контент-талдау әдістері: ғылыми жұмыстар, сараптамалық бағалау, аналитикалық зерттеулер пайдаланылды.

Бүгінгі таңдағы геосаяси хаоста, осы географиялық кеңістікте әлемнің көптеген елдері мен одақтас ұйымдарының мүдделері қиылысады: ЕО, АҚШ, Қытай, Үндістан, Иран, Түркия, Жапония, АТР елдері, Ресей және т.б.:

- ОА маңыздылығы «Бір белдеу, бір жол» (БББЖ) бағдарламасының 8 қадамына сәйкес, Қытай тарапынан «Қытай-Еуропа» көлік маршруттарын дамытуға және Транскаспий халықаралық көлік маршрутын салуға баса назар аударды. Еуропа мен Қытайдың әртүрлі дәліздерді дамытуға бағдарлануы ОА елдеріне тауарлардың экспорты мен импортының көлік жолдарын өртаптапандыруға көмектеседі.


- ЕО үшін ОА – Еуропаның геосаяси мүдделерінің аймағы болып көрінеді; ресурстық-шикізат және энергетикамен қамтамасыз ету, қауіпсіздік, көлік коммуникациялары өрісіндегі ОА міндеттері белгіленген. ЕО үшін РФ айналып өтіп, Еуропа мен Азияны байланыстыратын тиімді сауда-энергетикалық дәліздерді құру маңызды (Лаумулин М.Т., 2020). Сонымен қатар, бірқатар сарапшылар шиеленістерді реттеу және климат өзгерістерімен күрес және басқа да осы тәрізді міндеттері атап өтеді (Гүсейнов Э., Маринин С., 2024).

- Қазақстан тарапынан, Президент Қ. Тоқаев Қазақстан аймақтық ынтымақтастықты, қауіпсіздік пен дипломатия саласындағы әрекеттестікті нығайту, сондай-ақ, ОА-ның әлемдік деңгейдегі маңыздылығын арттыру жөніндегі стратегиялық бағыттан таймайтынын атап өтті. Бұл ретте, ХХІ ғасырда ОА-ны дамыту мақсатында Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартты қабылдаудың маңызы зор.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Орталық Азия қоғамдастығы (ОАҚ) елдері үшін әлемдік қоғамдастықтың дамуының осы күрделі кезеңінде, ең алдымен, жан-жақты ынтымақтастыққа, әріптестікке және кең әрекеттестікке бағдарланған өнімді диа-

логты кеңейту мақсатында, аймақ ішіндегі импульсті ілгерілету мүмкіндіктерін табу маңызды.

Біздің ойымызша, ОАҚ қысқа және орта мерзімді перспективаларға нығайтуды келесідей ұсынуға болады:



1-сурет – ОАҚ перспективті дамытудың негізгі бағыттары
Авторлар құрастырған

Біз ОА-ның барлық елдері сырттан араластырмай, өзара бірлесіп шешуді және қатысуды талап ететін проблемалар мен мәселелер шеңберін белгіледік; аймақтың проблемаларын шешуді

үшінші тараптарға беру болжанбайтын және жол берілмейтін саяси-экономикалық салдарға әкеліп соғуы мүмкін, бұл туралы әйгілі американдық профессор, экономист Ф. Старр ескертеді:

- аймақтағы ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; ОА елдері арасындағы қолданыстағы Келісімдер мен Шарттар шеңберіндегі достық, тату көршілік саяси әрекеттестік. Қазіргі геосаяси хаос пен жаһандық экономикалық тұрақсыздық тәуекелдері жағдайында, ОА субъектілерінің саяси байланысының жаңа институционалдық форматтарын әзірлеу және қабылдау қажеттілігі туындайды. Сыртқы акторлар үшін әлемнің саяси аренасында бір кеңістіктегі ОАҚ барлық елдері тұтастай қабылданып, қызығушылық тудырады және тек нақты мақсаттарда, белгілі бір уақыт кезеңінде ОА елдері жетекші державалардың/аймақтық-жаһандық бірлестіктердің қызығушылығын тудыруы мүмкін;
- ОА шекара маңындағы шиеленістерді шешу. Дәл осы елдер арасындағы қарым-қатынас саласында халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаттарын нақты сақтау қажет (бұл Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы шекара маңы аумақтары туралы келісім жасасумен расталған. Осы жерде өзара қолайлы шешімдерді іздеу және таңдау мақсатында саяси, экономикалық, халықтық, ғылыми, сараптамалық дипломатия маңызды рөл атқарады: диалогтық платформалар, сараптамалық алаңдар, Ақсақалдар кеңесі және т.б.);
- ұлттық экономикалар өсімінің негізгі ретінде ОА елдерінің экономикалық кооперациялардың (ілгеріде экономикалық интеграция) қағидаттары мен бағыттарын әзірлеу мыналар тәрізді ұсынылады: 1) ілгеріде кеңейтілетін ОА елдерінің ортақ тауар жеткізу жүйесі; 2) шекара маңындағы сауда-экономикалық хабтар желісі (негізгі нүктелер); 3) онлайн-форматтағы тауарларды бірлесіп алға жылжытуды ұйымдастыра отырып, электрондық коммерцияны дамыту; 4) кластерлер принциптерінде өнеркәсіптік өндіріс құру және басқалары;
- ОА географиялық факторын тиімді пайдалану (аймақтың Еуразия ортасында орналасуы) трансконтиненталдық сауда-экономикалық жүйені жоспарлаудың ортамерзімді қабатын дамытуға арналған негіздерді құруға жағдай жасайды;
- тікелей және портфельдік инвестицияларды ынталандырудағы ОА елдерінің ынтымақтастығы; бәсекелестік емес, ынтымақтастық, өйткені, бір елдегі кез келген қаржыландырылған экономикалық шешім орталықазиялық кеңістіктің басқа бір / көптеген басқа субъектілері үшін теріс салдары болмауы тиіс;
- ОА көлік-логистикалық инфрақұрылымын әрі қарай дамыту: 1) «Мазари-Шариф-Кабул-Пешавар» темір жолының құрылысы (ҚР темір жолдардың жоғарғы құрылысының материалдарын үздіксіз жеткізуді қамтамасыздандырып, жылжымалы құрамды ұсына алады); 2) «Қазақстан-Түркменстан-Иран» темір жолын белсенді пайдалану (Шығыс Азия және Парсы шығанағы елдері арасындағы ең қысқа маршрут); 3) «Түркменбаши-Гарабогаз-Қазақстан шекарасы» автомобиль жолының құрылысы;

- ғылыми, білім беру, гуманитарлық, мәдени байланыстарды кеңейту (ОА елдерінде жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу; оқу контингентімен алмасу; Ғылым академияларының, бейінді ҒЗИ базасында мұрағаттық материалдармен, артефактілермен, зерттеу-ресурстық базамен, ғылыми деректермен, сараптамалық-талдамалық бағалаулармен алмасу үшін бірлескен онлайн-платформалар/алаңқайлар құру, ғылыми, әлеуметтік, экологиялық жобаларды/бағдарламаларды жүзеге асыру);

- бірыңғай аймақтық ақпараттық кеңістікті қалыптастыру; ОА-ны барлық векторлар (саяси, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, ғылыми-білім беру, мәдени-гуманитарлық және т. б.) бойынша ақпараттық-хабар тарату бағытында дамыту, бұл өңір халықтарының бірлігі процестерін бастау, өмір сүрудің бірыңғай жалпы өңірлік күн тәртібін құру және жаһандық сын-тегеуріндер және сілкіністерге қарсы тұру үшін қуатты серпін болады (осындай кеңістіктің мысалы ретінде Әзірбайжан бағдарламасын – CBC TV Azerbaijan және т.б. атауға болады) және т.б.

Еуразиядағы интеграциялық процестер триггерлерінің бірі ретінде түркі қауымдастығы ұсынылады. Қабылданған стратегиялық құжаттарға сәйкес: «Түркі әлемінің көзқарасы-2040», Ұйымның 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялары және басқа да бағдарламалық шешімдермен соңғы жылдары Түркі мемлекеттері Ұйымының (ТМҰ) белсенділігі байқалады. Түркі әлемін дамытудың 2040 жылға дейінгі Тұжырымдамасына сәйкес, дамудың басым салаларындағы ұзақ мерзімді мақсаттар нақты белгіленген: экономикалық интеграцияны тереңдету, цифрлық трансформацияны жеделдету, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен қауіпсіздікті нығайту және т.б. Барлық субъектілердің интеграциялық және экономикалық потенциалын тарту негізінде, қатысушы елдердің аймақтық әрекеттестігінің сапалы жаңа моделі қалыптастырылды. Ол үшін ТМҰ ынтымақтастығын кеңейтудің негізгі тетіктері мен институттары құрылды:

- Түркі сауда-өнеркәсіп палатасы (ТСӨП) ТМҰ мүшелері арасындағы іскери қатынастарды нығайтатын базалық платформа ретінде;

- инвестиция және қызмет көрсету саласындағы Еркін сауда туралы келісімді ілгері жылжыту (мүшелер арасындағы инвестициялар мен сауда кедергілерін жою арқылы экономикалық өсімге жәрдемдесу, біртұтас және интеграцияланған экономикалық кеңістік құру);

- Түркі инвестициялық қоры (TIF) (ТМҰ мәліметтері бойынша, бастапқы капиталы – \$500 млн., бүгінгі таңда, Венгрия қосылғаннан кейін, өзара инвестицияларды қолдау, инновацияларды ынталандыру және кәсіпкерлікті, оның ішінде, ШКС дамыту арқылы, \$600 млн.-ға дейін өсті). 2025 жылы TIF ОА нақты объектілеріне инвестициялауды бастайды;

- сауда процестерін оңтайландыру, кедергілерді жою және аймақтағы жалпы іскерлік органы жақсарту мақсатында, Сауда процеду-

раларын жеңілдету комитетін (TFC) құру. Мәселен, жақында Бішкекте цифрлық экономика саласындағы әріптестік туралы келісімге қол қойылды – бұл ОА-дағы цифрлық сауда мен өзгеру бағытындағы маңызды қадам;

- «Түркі әлемінің мүмкіндіктерін кеңейту: экономикалық интеграция, тұрақты дамыту, цифрлық болашақ және барлығы үшін қауіпсіздік» атты 2025 жылғы күн тәртібі мен тақырыбы барынша өзара байланысқан, тұрақты түркі әлемін құру үшін әртүрлі секторлардағы ынтымақтастықты кеңейту көзделген.

Талқылау

География тұрғысынан, қатысушы елдер айтарлықтай кең, бірақ, стратегиялық маңызы бар Еуразия кеңістігінде орналасқан. Осы түркітілді мемлекеттер қауымдастығын Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан мен Қырғызстан 2009 жылы құрған. 2019 жылы ТМҰ-на Өзбекстан қосылды, ал, 2021 ж. Түркменстан, Венгрия және Солтүстік Кипрдың Түрік Республикасы ұйымның бақылаушы мүшелері болды. Құраманың халқы 300 млн. адам құрайды. ТМҰ жалпы көлемі 3,5 млн. шаршы км асады. 2024 жылдың нәтижесі бойынша, ТМҰ мүше мемлекеттер әлемдік ЖІӨ көлемі бойынша 12-орында, ал, сыртқы сауданың жиынтық көлемі \$1,1 трлн. құрайды. ТМҰ мүше мемлекеттер жалпы тауар айналымы 2024 ж. \$850 млрд. құраған. Дегенмен, ТМҰ елдері арасындағы ішкі сауда үлесіне, қазіргі кезде осы көлемнің 7% (шамамен \$58,17 млрд.) тиесілі. Осы көрсеткіштің өсімі 2021 ж. 3% екені анық, бірақ, жеткіліксіз, сондықтан, оны 10%-ға дейін көтеру жоспарланған. Қазақстан үшін осы құрамаға белсенді түрде қатысудың маңызы зор.

Геосаяси тәуекелдерге қарсы тұру және іске қосылмаған экономикалық потенциалды тиімді пайдалану үшін, ТМҰ елдері пайда болып жат-

қан проблемалар мен міндеттерді бірлесіп тиімді шешу үшін саяси мақсаттар мен саяси ресурстарды біріктіруі қажет.

Осыған байланысты, дамуды ұдайы тұрақтандыру мен ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі күш-жігерді шоғырлау заңды. Бұл жерде әңгіме дін, мәдениет, руханият ортақтығына негізделген ғасырлар бойғы тарихи нарративпен біріктірілген ОА елдері арасындағы әрекеттестік пен ынтымақтастықтың жаңа модельдерін іздеу туралы. Бүгін адами капиталдың осы қорытпасы аймақ халықтарының зияткерлік ресурстарымен, коммуникациялық байланыстармен, елдердің тез өсіп келе жатқан

жас буынымен және т.б. толықтырылуда. ОА елдерінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері аймақтың қолда бар әлеуетін (1 кесте) және оған сыртқы акторлар тарапынан ықтимал қызығушылықты сипаттайды. ОА аймағының жалпы ауданы 4 млн. км²-ден асады, ОА халқының саны 80 млн. адамнан асады, соңғы 10 жылда орташа жылдық өсімі шамамен 1 млн. адам құрайды. Болжамдар бойынша, 2050 жылға қарай, ОА халқының саны 100 млн. адамнан асады. ОА елдерінің әлеуетін анағұрлым толық іске қосу – аймақтағы ынтымақтастықты тереңдету және оның әлемдік аренадағы имиджін нығайту үшін маңызды.

1-кесте – ОА елдерінің әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы*

Ел	Халқы, млн. адам (2023)	Халқы бойынша әлемдегі орны	Халқының тығыздығы, адам/км ² (2023)	Сауаттылық деңгейі, %	Елдің ауданы, мың км ² (2023- 2024 ж. басы)	Ауданы бойынша әлемде алатын орны	Елдің ЖІӨ, (2023 ж.), млн. \$
Қазақстан	19,828165	65	7,197	99,80	2724,902	9	228,869
Өзбекстан	39,963262**	42	78,59	100,0	447,400	56	79288
Тәжікстан	10,331553	94	71,72	99,80	141,376	93	9309
Қырғызстан	6,598071	111	33,71	99,60%	199,949	86	10207
Түркменстан	6,839606	116	13,36	99,90%	488,100	53	67246
Тұтас ОА аймағы бойынша	79,271199		53,20	99,70%	4001,730		395098

Ескерту: * 1-кесте мына дереккөздердің деректері бойынша құрастырылған: <https://www.aa.com.tr/ru/>; <https://www.newscentralasia.net/2024/04/09/naseleniye-tsentrnoy-azii-sostavlyayet-pochti-81-million-chelovek-k-2050-godu-onodostignet-100-millionov-chelovek/> 09/04/2024; www.youtube.com/watch; <https://worldpopulationreview.com/continents/central-asia-population>; Межгосударственный статистический комитет СНГ [Электр. ресурсы]. Қол жетімді режим: <http://www.cisstat.com> (қол жеткізу күні – 23.03.2024 ж.); <https://data.worldbank.org>; <https://economy.kz/ru/>; https://www.inform.kz/ru/na-3-9-vyros-ob-em-proizvodstva-v-obrabatyvayushey-promyshlennosti-rk-v-2020-godu_a3757979; <http://www.stat.kg/ru/opendata/category/361/>; **https://nova24.uz/uzbekistan/naselenie-uzbekistana-dostiglo-37-millionov-chelovek/?utm_source=newspage&utm_medium=recirculation

Жастардың үлесі аймақтағы ұжымдық халқының 70%-нан асады, яғни, өңір халқы жасарып келеді, егер 1990 жылы ОА-да орташа жас – 34 болса, бүгінде – 28,7 жас. Халықтың сауаттылық деңгейі 100% дерлік. Аналитикалық зерттеулерге сәйкес, аймақтағы цифрлық сауаттылық шамамен 100% деңгейінде. Сондықтан, елдің/аймақтың табысты дамуының триггерлерінің бірі (бұл жағдайда адами фактор бойынша) цифрлық және компьютерлік технологияларды меңгерген білім мен инновацияларға аса сезімтал жас ұрпақ болып табылады. Жас азаматтар ұлттық бірегейлігімен және, сонымен қатар, барлық

жаңаға, оның ішінде, цифрландыру, жасанды интеллект және т.б. саласындағы жаңа технологияларға ашықтығымен ерекшеленеді. Осының арқасында, ОА аймағы инвестицияларды жүзеге асыру, аутсорсинг, электрондық коммерцияны, логистикалық орталықтарды кластерлеу, орнықты даму және ұжымдық қауіпсіздік проблемаларын шешу (мемлекеттік, ұлттық, экономикалық, ақпараттық, биологиялық және т.б.) үшін тамаша кеңістік болып көрінеді.

Жоғарыда аталған факторларға біз жүргізген талдау көпжақты ынтымақтастық шеңберінде сыртқы тәуекелдерге жауап іздестіру және ОА

елдерінің орнықты-жүйелі байланыстарын жолға қою, елдердің саяси, экономикалық және ұлттық қауіпсіздігінің тиімділігін қамтамасыз ету, сыртқы сын-тегеуріндер мен қатерлерге жауап ретінде олардың әртүрлі векторлық саясатының архитектурасын айқындауда маңызы зор. Біздің ойымызша, бұл аймақтық дамудың бірлескен кешенді бағдарламаларын әзірлеуге, аймақтық форматтағы саяси, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, шекара маңы және басқа да проблемаларды шешуге жаңа тәсілді қалыптастырудың негізгі шарты.

ОА үшін геосаяси сын-тегеуріндердің, атап айтқанда, Ресейдің Украинаға әскери басып кіруіне байланысты санкциялық шаралардың салдарынан, өсу құбылмалылығының ауытқу қаупі және аймақ елдерінің экономикалық дамуының баяулауы жоғарылаған. Ішкі проблемаларды (шекаралық, көші-қон, су, климаттық, энергетикалық) шешу кезінде ОАҚ елдерінің сәйкес келмеуі де ұлттық экономиканың өсуінің баяулауына теріс әсер етеді.

Орталық Азия өңірі елдерінің қауіпсіздік және орнықты даму басымдықтарын іске асыру үшін қаржы, инвестициялық, адами және т.б. ресурстарды тарту үшін, аймақ елдері бәсекелестігінің өсу жағдайында байланыстарды күшейту; сыртқы сауданы ырықтандыру, үшінші елдердің нарықтарын игеру және т.б. қажет. Аймақ елдері арасындағы бәсекелестік оның әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді, өйткені, оларды оқшаулау мен иеліктен шығаруды, даму деңгейі бойынша саралаудың өсуін ынталандырады және өсіп келе жатқан тәуекелдер мен қауіп-қатерлерге қарсы тұруға ықпал етпейді. Оған керісінше, Орталық Азия аймағы елдерінің интеграция және кооперация бағытындағы күш-жігерін үйлестіру кезінде, сауда мүмкіндіктерін кеңейту және сауда-экономикалық әлеуетін арттыру арқылы, аймақтың тұрақты дамуына бағдарлануы қажет. ОА елдері ынтымақтастығының экономикалық әлеуетін іске асыру кооперация және интеграция мәселелері бойынша әріптес елдер арасындағы сенімді диалогты кеңейтуге және консенсусқа қол жеткізуге негізделеді.

Өңгіме келісілген экономикалық және сауда саясатын жүргізу кезінде біз аймақтық, аймақаралық және халықаралық еңбек бөлінісін ескере отырып, өзара сауданың әлеуетін анықтау мен іске асыруға қатысты мәселелерді үйлестіру туралы болып отыр. Сонымен қатар, бірлескен өндірістік инфрақұрылым мен коммуникация-

лық желілерсіз ынтымақтастық тиімді болмайды, сондықтан, әрбір ОА елінің ЖІӨ көлеміндегі көлік-логистикалық сектордың үлесі кемінде 9% болуы тиіс. ОА елдерінің өзара байланысын кеңейту нарықты қажетті тауарлар және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін, өнеркәсіптік оқшаулау және импортты алмастыру кеңістігі ретінде сауда-өнеркәсіп кластерлерін құруды шарттайды.

Қазіргі жаһандық өндірістік жүйеде жеткізудің қысқа, аймақтық, тұрақты тізбегін құру трендтері белгіленді, бұл аймақтың нақты әлеуетін қолданудың пайдасын дәлелдейді және осы негізде кең ауқымды өнімдерді (азық-түлік, жеңіл, химия, құрылыс және басқа да өнеркәсіп салалары) өндіру бойынша кластерлік кооперациялық жобаларды дамытуды мегзейді. Осыған орай, Қазақстан басшылығы ОА аймағында үшінші елдердің нарықтарына экспорттау перспективасымен тауарлардың нақты түрлерін өндірудің тұйық циклі қағидаттарындағы өнеркәсіптік кооперацияны дамыту бағдарламасын әзірлеуді ұсынады.

Біздің ойымызша, Орталық Азия кеңістігін тұрақты ұзақ мерзімді дамыту мақсатында, жаһандық және аймақтық әлемдік тәртіптерді нақты трансформациялауға бағытталған жаңа экономикалық стратегиялар аймақ ішінде және онан тыс (аймақтың бүкіл периметрі бойынша) ынтымақтастықты тереңдетуге бағдарлануы тиіс.

ОА елдерінің 30 жыл ішіндегі ЖІӨ өсу қарқынын талдау ұзақ мерзімдегі жағымды үрдісті көрсетеді. ДБ бағалауы бойынша, жақын перспективада ОА-да экономикалық өсім орта есеппен 2,7% құрайды. Бүгінгі таңда, сарапшылардың бағалауы бойынша, аймақ ішіндегі сауда елдердің жалпы тауар айналымының 10%-ынан аз, бұл ОА елдері экономикаларының әлеуетіне және нарық сыйымдылығына (80 млн. адам) сәйкес келмейді. Сарапшылар атап өткендей, соңғы 6 жылдағы өсімді есепке алғанда да, шамамен 3% болғанымен, бұл әлемдегі ең төмен көрсеткіш, өйткені, дамыған аймақтық қауымдастықтарда өзара сауда көрсеткіші бойынша, мысалы, мына елдерде әлдеқайда жоғары:

- ЕО – > 63,2%;
- АСЕАН – 70%;
- НАФТА – 40,9%;
- Шығыс Азия -57,5%.

Аймақ мемлекеттері арасындағы өзара сауда тұрақты өсімді сипаттайды: соңғы 5 жылда

аймақ ішінегі сауда айналымы 80%-ға өсіп, 10,6 млрд. долл. құрады. Өткен 20 жылдан астам уақытта елдердің сауда айналымы 6 есеге өсті. ЖІӨ-ге қатысты тауарларды саудалау көлемі тұрақты 49% дәрежесінде. Жуық арада ОА елдері өзара тауар айналымын \$15 млрд. дейін жеткізуі мүмкін. Қазақстан аймақ елдеріне 175 шикізаттық емес тауарлар позициялары бойынша экспортты, сондай-ақ, экспорттық жеткізілімдерді \$1 млрд.-қа дейін өсіруі мүмкін. ДБ берген баға бойынша, ОА-дағы көлік коммуникациясын дамыту барлық елдердің ЖІӨ өсімін 15%-ға қамсыздандырады. Сараптамалық бағалау бойынша, соңғы 7 жыл ішінде, ОА елдері кооперациясының индексі 1,5 есеге өсіп, 38,4% құрады (2-кесте):

2-кесте – ОА елдері кооперациясы индексінің көрсеткіштері

Ел	Елдер кооперациясының индексі, %
Қазақстан	17,5
Өзбекстан	23,9
Қырғызстан	49,4
Тәжікстан	33,4
Түркменстан	6,4

Авторлар құрастырған

Кооперацияның ең жоғары деңгейі Қырғызстанда – 49,4%, ең төмені Түркменстанда – 6,4%. Индексті есептеуде аймақ ішіндегі кооперация аймақ елдері арасындағы өзара процестердің, олардың ортақ процестеріндегі үлесі ретінде бағаланады деген қағидатқа негізделгендіктен, талдау кезінде аймақ елдері арасындағы кооперацияның негізгі бағыттарының көрсеткіштеріне қарау қажет. Мысалы, жалпы инвестициялар ағынында аймақтағы елдер арасындағы инвестициялық ағындардың үлесі қандай және т.б.

Нәтижелер

Осылайша, ОА елдері әзірге сауда-экономикалық әлеуетті жеткілікті пайдаланбайды, елдердің жалпы тауар айналымындағы аймақ ішіндегі сауданың үлесі шамалы. Бұл жағдайда кооперацияны дамыту және ОАҚ елдерінің ілгерідегі интеграциясы үшін негіз болып табылатын бірлескен жалпыаймақтық ынтымақтастық стратегиясын әзірлеу өзекті болып табылады. Осыған байланысты 3-кестеде орта мерзімді перспективада ОА елдерінің (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан) аймақтық кооперациясын дамытудың SWOT-талдауы келтірілген:

3-кесте – ОА елдерінің аймақтық кооперациясын кеңейтудің SWOT-талдауы

Күшті жақтары (Strengths)	Осал жақтары (Weaknesses)
- географиялық жағдайы (ыңғайлы орналасқан жері) - аймақ Еуропа мен Азия қиысындағы маңызды көлік-транзиттік торап болып табылады; - саяси тұрақты аймақ; - ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың қолайлы перспективалары; - ортақ тарихи-мәдени-діни нарратив: ұқсас дәстүрлер, тілдер, ділі; - тұтас алғанда, бірін-бірі толықтыратын табиғи-ресурстық және экономикалық потенциалы (табиғи ресурстар – мұнай, газ, уран, СЖЭ, мақта, су ресурстары және басқалары); - инфрақұрылымдық жобалар – көлік-энергетикалық интеграция бағдарламаларын дамыту; - білікті кадрлар; - екі және көпжақты бастамалар өсімі – ОА елдері және сыртқы институционалдық субъектілер: ШЫҰ, ОТГ, ислам әлемінің аймақтық топталуы қызметін белсенділендіру және т.б.	- интеграция және кооперация процестеріне кедергі болатын саяси алауыздық, ОА елдерінің әртүрлі сыртқы саяси басымдықтары; - ұлттық экономикаларды дамытудағы ресурстық-шикізаттық бағдары; - экономикалық даму дәрежесі бойынша елдерді дифференциациялау; - мемлекеттік басқару және ұлттық экономикаларды реттеуді дамытуда дәрежесінің жеткіліксіздігі; - аймақтық дамуды үйлестіруге арналған институционалдаудың төмен дәрежесі, оның ішінде: аймақтық ынтымақтастықтың артта қалуы, тиімсіздігі және әлсіздігі; - институционалдық үйлестіруші органдардың күзреттілігінің төмен дәрежесі; - су шаруашылығы және энергетика проблемалары (елдер арасындағы өзендердің жоғарғы (Тәжікстан, Қырғызстан) және төменгі (Өзбекстан, Түркменстан, Қазақстан) ағыстарындағы суды бөлудегі шиеленістер); - шекара маңындағы проблемалардың шешілмеуі және басқалары.

Мүмкіндіктері (Opportunities)	Қатерлер (Threats)
- ұлттық экономикаларды қайта құрылымдау (дамудың шикізаттық бағдарынан ауытқу); - Өнімді ЖҚҚ-мен шығару бойынша жаңа салалар мен өндірістерді дамыту; - Ресей әсерінің әлсіреуі (Байсалов, Э., 2019); - сауда және логистиканы кеңейту (Қытай-Еуропа, Солтүстік-Оңтүстік көлік дәліздерін дамыту); - инвестицияларды кеңінен тарту (энергетикаға, ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке); - гидроэнергетикадағы жаңа келісімдер, бағдарламалар, жобалар негізінде су-энергетикалық ресурстарды бірлесіп пайдалану; - ОАҚ халықтарының тарихи потенциалы, елдердің географиялық жақындығы, мәдени-рухани-гуманитарлық нарративтер негізінде туризмді дамыту; - жеткізілімдердің жаһандық тізбегіне интеграциялану (аймақ трансконтиненттік көлік-сауда хабы болуы мүмкін); - инновациялық-цифрлық технологияларды, ЖИ дамыту; - үшінші елдердің нарығына шығу; - жаңа бизнес бағыттарын дамыту және т.б.	- геосаяси тұрақсыздық (жетекші державалардың (АҚШ, ҚХР және басқалары) әсері және бақылауы); - әлемдік ойыншылар мүдделерінің шиеленісуі; - экологиялық сын-тегеуріндер (климат өзгеруінің салдарымен күрес, қуаңшылық, су тапшылығы, шөлдену); - әлеуметтік-экономикалық тәуекелдер (халық табысының төмен дәрежесі, инфляция, жұмыссыздықты жоғары дәрежесі, жұмыс күшінің миграциясы); - лаңкестік пен экстремизм (ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіру); - РФ Украинаға қарсы соғысының салдарынан болған экономикалық санкциялар мен сауда кедергілері; - шешуін таппаған шекара маңындағы шиеленістер; - стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық саласындағы мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу кезінде, елдер арасындағы сенімділіктің, келісімділіктің және үйлестірудің төмен деңгейі; - ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру мақсатындағы әрекеттестіктің төмен деңгейі және басқалары.

Авторлар құрастырған

Бұл талдау Орталық Азия елдерінің кооперация үшін айтарлықтай әлеуеті бар екенін көрсетеді, бірақ, оны іске асыру үшін саяси, экономикалық, шекара маңындағы, су-энергетикалық және басқа да кедергілерді еңсеру қажет. Біздің ойымызша, барлық деңгейлердегі дипломатиялық сипаттағы құралдарды: диалог алаңдары мен платформаларды, Дөңгелек үстелдерді, сараптамалық-талдамалық кеңестерді, жобаларды, пікірталастар және т.б. қамтитын ОАҚ субъектілері арасындағы келіссөздер форматының тетіктерін кеңінен қолдану кезінде шешуге болады. Ал бұл, өз кезегінде, әлемдік қоғамдастықтардың басқа да аймақтық бірлестіктерімен (мысалы, НАФТА, АСЕАН және т.б.) ұқсастығы бойынша аймақтық ынтымақтастық институттарын құру қажеттілігін шарттайды.

Жалпы, ОАҚ елдері арасындағы өнімді диалогты кеңейтуге аймақтық серпін беру мынадай мәселелерді шешуге бағытталған:

- еркін сауда режимі, тауар-қызмет-капиталдың трансшекаралық қозғалысын қолдау (процестердің реттелуін жою, нормативтік-құқықтық базаның үйлесімдігі, кедендік-логистикалық қызметтер, экспорттық-импорттық операциялар саласындағы сауда рәсімдерін оңайлату және үндестіру);

- ОА-да бәсекелестік артықшылықтар мен экономикалардың өзара толықтырылуы есе-

бінен өнеркәсіптік оқшаулау және импортты алмастыру аумағын құру (ЖҚҚ өнімін өндіру және экспорттау, қымбат импортты алмастыру);

- көліктік-транзиттік-логистикалық потенциалды пайдалану, көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша ынтымақтастықты үйлестіру; көлікте және логистикада;

- елдер экономикасының түйінді секторларындағы заңнамаларды ұштастыру (сауда-логистикалық, агробизнес, электрондық коммерция, туризм, жасыл экономика, жаңартылатын энергетика және т.б.). ОА экономикасының барлық салаларында бәсекелестікті қолдау. Үшінші елдердің нарықтарына шығу;

- энергетика саласын дамыту. Мұнай мен газға баға саясаты + әлемдік логистикадағы проблемалар инфляцияның өсуіне әкелді, сарапшылардың пікірінше, ОА-да 12%-дан асып, сұраныстың, өндіріс көлемінің төмендеуіне, жұмыссыздықтың өсуіне әкеліп соқты және басқалары.

Қауымдастық елдерінің экономикалық әлеуетін пайдалану негізінде ОА елдері арасындағы өңірлік сауда көлемінің өсуі, атап айтқанда: қатысушы елдер экономикаларының нақты секторы үшін инфрақұрылым құруды; ОА елдері үшін сауда жағдайларын жақсартуды; елдер үшін көлік-коммуникациялық жүйені құруды; инвестициялық ахуалды жақсартуды және т.б.

негіздейді. Мұның бәрі құрылымдық-экономикалық және институционалдық сипаттағы шектеулер блогын (ұлттық экономика өндірістерінің көлемі, дамудың экономикалық модельдеріндегі айырмашылықтар, кедендік-шекаралық кедергілер, реттеуші ортаның сәйкес келмеуі, қаржы және көлік-логистикалық секторлардың, сондай-ақ, көлік инфрақұрылымының нашар даму деңгейі) қалыптастырады. Бұл ретте, осы бейіндегі міндеттерді шешу кезінде – қайта құрылымдау және институционализациялау – сыртқы акторлерге өклеттік берілмеуі тиіс, олардың әрқайсысының аймақта өз мүдделері бар және оларды өз мақсаттарына сүйене отырып, көбінесе, ОАҚ жоспарларына қайшы шешім қабылдайды.

Сауда операцияларын жүргізу кезінде ОА елдері ішкі нарықтарға жақын орналасқан, бұл көлік шығындарын үнемдеуді, үшінші елдердің нарықтарына экспортты жүзеге асыруды шарттайды. Аймақта халықаралық көлік дәліздері мен халықаралық көлік инфрақұрылымын бірлесіп құру жолымен көлік шығындарын төмендетуге болады. Қазақстан Үкіметінің, ЕО елдерінің, Қытайдың, Оңтүстік Кавказдың және т.б. мемлекеттердің соңғы жылдардағы шешімдері көліктік өзара байланыс мәселелерін шешуге бағытталған.

Сонымен қатар ОА елдерін шалғайдан қоршаған елдермен экономикалық ынтымақтастық аймағы тартымды болып көрінеді және мұнда ОА елдерінен Еуропаға, Үндістанға, Иранға, Ауғанстанға, Кавказ елдеріне, Моңғолияға, Пакистанға шикізаттық емес экспортты кеңейту перспективаларын мүқият қарастырған жөн. Бұл, біздің ойымызша, жоспарлаудың орта мерзімді және неғұрлым алыс мүмкіншілігінің міндеті, сондықтан, аталған мемлекеттердің қимасында ОАҚ интеграциясы мәселелерін тереңірек және мүқият пысықтауды талап етеді.

